

## Дәріс 2. Педагогикалық – психологиялық әдебиеттегі денсаулық проблемасы.

### Жоспар:

1. Тұлғаның денсаулығына деген негізгі тұрғылар
2. Денсаулық психологиясы пәнаралық зерттеу ғылымы.
3. Патология және норма туралы ұғым.
4. Калыпты психикалық даму туралы көзқарастар, психикалық нормаға деген психологиядағы әртүрлі ағымдар (бихевиоризм, психоанализ т.б.) өкілдерінің тұжырымдамалары.

Күнделікті клиникалық тәжірбеде “мінез” бен “тұлға” ұғымдары бір мағынада қолданылады. Мінез патологиясының анық көрініс беруі “психопатия” деген ұғыммен анықталады. П.Б.Ганнушкин (1933) психопатияларды мінездің аномалиялары ретінде сипаттады: “индивидтің психикалық бейнесін түгел анықтайтын..”, “өмір сүру барысында... шұғыл өзгерістерге ұшырамайтын”, “қоршаған ортаға бейімделуге бөгет жасайтын”. О.В.Кебиков (1962) бұл белгілерді патологиялық қасиеттермен әлеуметтік адаптацияның бұзылуының тоталдығы (жаппайлығы), тұрақтылығы деп атады. Психопатия деген диагноз қою үшін берілген критерийлердің үйлесуі керек. Психопатияның белгілері:

1 тұрақтылық деп мінез қасиеттерінің өмір сүру барысында аз өзгеруін түсінеміз.

2. мінез қасиеттерінің тоталдылығы: психопатия кезінде мінездің бір қасиеттері бар жерде: үйде де, жұмыста да, қарым-қатынаста да көрініс береді. Егер адам үйде біреу, далада басқаша болса, онда ол психопат емес.

3. әлеуметтік дезадаптация – адам өмірінде әрқашан қиындықтар туындайды, ол қиыншылықтарды өзі немесе айналасындағылар басынан кешеді.

Бұрын “психопатия” терминімен анықталған, қазір МКБ-10 тұлғалық және әрекеттік бұзылулардың келесі түрлері бөлінеді:

тұлғаның шизоидты бұзылуы (шизоидты психопатия);

тұлғаның эмоционалды тұрақсыз бұзылуы, импульсивті тип (қозбалық психопатия);

тұлғаның ананкасты (обсессивті - компульсивті) бұзылуы (психоастениялық психопатия);

тұлғаның истериялық бұзылуы (истериялық психопатия);

тұлғаның тәуелді бұзылуы (астениялық психопатия);

тұлғаның диссоциалды бұзылуы (гебоидті психопатия немесе социопатия);

тұлғаның эмоционалды тұлғаның параноидтық бұзылуы (параноидты немесе параноиялды психопатия);

тұрақсыз бұзылуы ( тұрақсыз психопатия );

тұлғаның аралас бұзылуы (мозаикалық психопатия).

Психопатиялардың клиникалық белгілерін толығынан психатрия курсында оқылады. “Медициналық психология” курсында болашақ дәрігер “Мінез екпіндеулері” (тұлға) деген ұғыммен жан-жақты танысуы қажет. Тұлға акцентуациялары –қалыпты (үйлесімді) тұлға мен патологиялық (психопаттық) тұлғаның арасындағы шекаралық қалып.“Екпінделген тұлға” ұғымын Берлин университетінің профессоры К.Леонград (1968) ұсынып, мінезі мен темпераментінің қасиеттері аса күшті, қалыптан шығатын адамдарды атаған.(Адамның екпіндеуі) деген кітабында ол мінезі толысып келе жатқан адамның екпіндеуі мен оның мінез-құлқының дербес белгілері арасын ажырату оңайға түспейді деп жазды. Сонымен қатар адамның екпіндеуі мен патологиялық мінез (психопатия) туралы түсінікті де бір-бірінен бөліп қарайды. Ектіндеу(акцентуация) – адам мінезіндегі кейбір белгілердің күшейюі , яғни (мен мұндалап)тұруы, ол патологияға оңай ауысатын мінез белгілері.Екпіндеу жеке мінездің патологиясы емес, бұл сау адамдарда кездесетін жан иқұбылысы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Лебединский М.С. Нарушения психического развития у детей, М.,2015.
2. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. М.,2014.
3. Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. М.,2017.
4. Николаева В.В. Влияние хронической болезни на психику. МГУ, 2017.

5. Сапарова И.А. Психология переживания болезни. Алматы, 2016.